**«БЕКІТЕМІН»**

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп интернатының директоры м.а.**

**_____________ А. Мукашева**

**«_1_» ____09____ 2022 жыл**

**Жалпы білім беретін мектептердің 7 – 8 сыныптарына арналған**

**Жолда жүру ережелерінің оқу**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Жол қозғалысы ережелері 7-8 сыныптарында ЖҚЕ сабақтан тыс уақытында сынып сағаттар есебімен өтеді.

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы сынып жетекшілерімен іске асырылады.

ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді арнайы жабдықталған бөлмеде немесе арнайы автоалаңда (мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында) көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізу ұсынылады.

Алаңда өтетін жерлерде: жол қиылыстарында, жүргіншілер өтпесінде жол таңбалары салынады; уақытша немесе тұрақты бағдаршамдар, жол белгілері мен басқа да жабдықтар орнатылады.

Кейбір сабақтарды көшеде, жол қиылысында, аланда (көлік құралдары қозғалысы мен жүргіншілер жүрісін көрсете отырып), қоғамдық көлікте өткізу ұсынылады.

Дәрістерді, жекелеген әңгімелерді, экскурсияларды және т.с.с. өткізу үшін мұғалім (сынып жетекшісі) жол полициясы қызметкерлерін, көлік құралдары жүргізушілерін тарта алады.

Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер көрсетіледі, КТК-лар, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады.

Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар көмегімен оқушының Жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігін анықтайтын тексеріс жүргізу қажет.

**«Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

**/Тәрбие сағаттарына кіріктіріледі/**

**<u>7-СЫНЫП</u>**

| № | айы | Сабақ тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | қыркүйек | Республика экономикасындағы автомобиль көлігінің рөлі. | 1 |
| 2. | қазан | Көлік құралдарын пайдалану ережелері. | 1 |
| 3. | қараша | Көлік құралдарын тоқтату және тұрақ. | 1 |
| 4. | желтоқсан | Аралық және қашықтық. Қозғалыс жылдамдығы. | 1 |
| 5. | қаңтар | Жолақ. Басып озу. | 1 |
| 6. | ақпан | Жүргізушілердің жұмыс істеу қабілеттілігі және олардың сенімділігі. | 1 |
| 7. | Наурыз | Автокөліктегі медициналық алғашқы көмек жинағы. | 1 |
| 8. | сәуір | Теміржол өткелдерінің өтуі. Қала сыртындағы жолдарда. | 1 |
| 9. | сәуір | Велосипедшілер, мопедистер қозғалысының ережелері. Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелері. | 1 |
| 10. | мамыр | Қорытынды сабақ. | 1 |
| | Барлығы: | | 10 |

**<u>8-СЫНЫП</u>**

| № | айы | Сабақ тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | қыркүйек | Жол қозғалысы ережелерінің шығу тарихы. Жол белгілерінің халықаралық тілі. | 1 |
| 2. | қазан | Қозғалысты реттеу нысандары. | 1 |
| 3. | қараша | Жол белгілері. | 1 |
| 4. | желтоқсан | Жүргіншілер мен велосипешілердің міндеттері және олардың ЖҚЕ бұзғаны үшін жауапкершіліктері. | 1 |
| 5. | қаңтар | ЖЖЕ бойынша әңгімелер дайындау. | 1 |
| 6. | ақпан | Қиылыстардан, жаяу жүргіншілер өткелдерінен, қоғамдық көлік аялдамаларынан өту. | 1 |
| 7. | наурыз | Есінен танып қалған зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету. | 1 |
| 8. | сәуір | Сүйектің шығуы кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету. Күйік кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету. | 1 |
| 9. | сәуір | Аспалы қозғалтқышы бар велосипедке (мопедке) қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілердің қозғалысына қойылатын қосымша талаптар | 1 |
| 10. | мамыр | Қорытынды сабақ. | 1 |
| | Барлығы: | | 10 |